Бекітемін
"Bal-Aiym 2" бөбекжай-
бақшасының меңгеру-
шісі м.у.а Сейлова С

Білім күні
(ертеңгілік)

Тәрбиеші: Ерғалиева Н

2025-2026 жыл

Тақырыбы: «Білім күні»

Мақсаты: Балаларды оқу мен білімнің маңызын түсінуге баулу. Мектепке, балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Балалардың сөйлеу, ән айту, ролге ену қабілетін дамыту.

Жүргізуші:

– Армысыздар, құрметті ата-аналар мен қонақтар!
Бүгін бізде ерекше мереке — Білім күні!
Бұл — жаңа оқу жылының бастауы, жаңа үміт пен қуаныш күні!
– Балалар, сендер білім деген не екенін білесіңдер ме?

Балалар:

– Иә, білім – үйрену, оқу, ақылды болу!

– Дұрыс айтасыңдар! Ендеше, бәріміз бірге шаттықпен қарсы алайық,
«Білім күні» мерекемізді!
(Балалар қол ұстасып, би қимылдарын жасайды)

Жүргізуші:

– Керемет орындадыңдар, балалар!
Енді сендердің тақпақтарыңды тыңдайық.

Балалардың тақпақтары:

Фараби
Білім күні келді міне,
Көңіл толы шаттыққа!
Біз үйренем әр нәрсе,
Ақыл қонсын бастыма!

Анелья
Білім – жарық, нұр көзі,
Төгіледі таң күліп.
Оқимыз біз, үйренем,
Боламыз біз мықты ұлт!

Алихан
Кітап, дәптер қолға алып,
Сурет салам, әріп жазам.
Білім алып, өскенде,
Мақтан етем Қазақстан!

Айару
Мектепке де, бақшаға да,
Барамыз біз шаттанып.
Білім алып, үйреніп,
Боламыз біз ақылды!

Ханторе
Білім күні — мереке,

Күліп қарсы алады.
Біз де бірге шаттанып,
Оқимыз деп уәде етем!

Жансұлу
Күн де күліп ояды,
Білім күні тамаша.
Оқимыз біз бәріміз,
Жарысамыз бағалы!

Құлшынай
Күн күледі аспанда,
Бала күліп шаттанған.
Білім күні келіпті,
Бар әлемге жар салған!

Нұрислам
Білім керек баршаға,
Жетелейді арманға.
Оқып, үйрен, еңбек ет,
Жетеміз біз самғауға!

Көрініс: «Білім — жарық нұр»

Кейіпкерлер:

- Жүргізуші
- Күн
- Білім
- Жалқаулық
- 2–3 бала (қолдау рөлінде)

(Сахнада Күн мен Білім күлімдеп тұрады. Жалқаулық ұйқылы-ояу күйде кіреді.)

Жүргізуші:

Бүгін Күн күліп тұр,
Білім сәулесін төгіп тұр.
Бірақ біреу келмей жатыр,
Ол кім болды екен?
(Жалқаулық кіреді, ұйқысын аша алмай.)

Жалқаулық:
Ой, ұйықтайыншы тағы да,
Мектеп деген не керек маған?

Күн:
Жалқау болма, тұра ғой,
Білім алып, оян ғой!

Білім:
Кітап оқып, үйренсең,
Болашақта биіксің!

Жалқаулық:
Шынымен бе? Сонда мен де
Ақылды бола алам ба?

Білім:
Әрине! Тек тырыссаң болды!

(Жалқаулық қуанып, кітап алады.)

Жалқаулық:
Білім керек екен ғой,
Ақылды болу үшін!

Күн:
Дұрыс айттың, кішкентай дос,
Білім – өмірдің шамы!

(Барлығы бірге айтады):
– Білім – жарық нұр!
– Білім – болашақтың кілті!

Ән: «Күн нұрымен оянамын»

(Балалар би қимылдарымен орындайды.)

Жүргізуші:

– Жарайсыңдар, балалар!
Бүгін сендер білімнің қандай маңызды екенін көрсеттіңдер.
Білім күні — бәріміз үшін жарқын, жаңа бастама.
Барлықтарыңа оқу жылы сәтті өтсін!